

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА
УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail:
abb.kulan1@yandex.kz

25-02-1584 № 22.08.2026м

Жамбыл облысы
әкімдігінің білім
басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөліміне қарасты
мектеп директорларына

«Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының 2026 жылғы 18 тамыздағы №376 санды хаты негізінде

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының «Мектептерде экологиялық тәрбие беруді күшейту бойынша практикалық шараларды тұжырымдау» 95-тармағына сәйкес жалпы орта білім беретін мектептің оқушыларына арналған «Эко-күнтізбе» тақырыбындағы байқаулар ережесін әрі қарай жұмыс жүргізу үшін жолдайды.

Ереже қосымша 15бетте тіркеледі.

Басшының м.а.



А. Беделбаев

Орындаған: Г.Абдиева
тел: 87474736727

Аудандық «Эко-юрист» тақырыбындағы

болашақ экологтар байқауының

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже «Эко-юрист» тақырыбындағы болашақ экологтар байқауының (бұдан әрі Байқау) мақсаты мен міндеттерін, қатысушыларға қойылатын талаптар және байқаудың өткізу тәртібін белгілейді.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы- «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Мақсаты:

- оқушылардың экология бойынша құқықтық сауаттылығын жетілдіру;
- табиғат байлықтарын заңдық, нормативтік тұрғыда қорғау талаптарын меңгерту.

2.2. Міндеттері:

- оқушылардың қоршаған ортаның жай-күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесін қалыптастыру;
- оқушыларды экологиялық құқықтар, міндеттер мен нормаларды білуіне дағдыландыру;
- оқушылардың экологиялық мәдениетін, экологиялық білімі мен тәрбие деңгейін арттыру.

III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады (бұдан әрі- Ұйымдастыру комитеті);

- байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;
- байқауды өткізу күнін белгілейді;
- байқауға қатысу үшін өтінімдерді және қажетті материалдарды қабылдайды;
- қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;
- іс-шаралар түрлерін анықтайды;
- байқау нәтижесін талдайды және қорытындылайды;
- байқаудың дайындығын, өткізу барысын және нәтижесін БАҚ-та жария етілуін қамтамасыз етеді.

3.2. Қазылар алқасы Байқау қатысушыларының жұмысын бағалайды, қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

3.3. Қазылар алқасы қатысушылардың ұсынған материалдары негізінде келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:

- модель-жоспардын үлгісінің эстетикалық талапка сай болуы;
- тақырыптың мазмұны заңдар мен құқықтық-нормативтік негізде толық ашылуы;
- идеялық ойдың ұтқырлығы;
- ұзындығын жұмыстың жүйелілігі мен нақтылығы;
- жұмыстың өз мақсатына жету мүмкіндігі;
- оқушының қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ойын жеткізуі.

IV. Байқаудың қатысушылары

- 4.1. Байқау қатысушылары білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 8-10 сынып оқушылары (әр мектептен бір оқушы) болып табылады.
- 4.2. Байқау қазак және орыс тілдерінде өтеді.

V. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

- 5.1. Байқау екі кезең бойынша өткізіледі:

- 1) бірінші аудандық кезең- 2026 жылдың 16 қыркүйегінде өткізіледі.
- 2) екінші облыстық кезең - 2026 жылдың 23 қыркүйегінде өткізіледі.

Облыстық кезеңге аудандық байқаудың жеңімпаздары (1,2,3 орын алған – 6 оқушы) қатысады.

VI. Байқауды өткізу шарттары және жалпы талаптар

- 6.1. Байқау онлайн форматта өткізіледі.
- 6.2. Байқауға қатысушы экологиялық құқық бойынша өз тұрғылықты жеріндегі табиғат байлықтарын, соның ішінде табиғи ресурстарды, жануарларды, өсімдіктерді қорғау мәселелері жөнінде «Good life» тақырыбында модель-жоспар ұсынады. Жоспарда экологияға байланысты заңдар мен құқықтық-нормативтік негізде әр түрлі сыба-нұсқалар қолдануға болады. Мысалы: модель құрастыру, кестелер, пирамида түрінде, т.б.
- 6.3. Байқау материалдары презентация түрінде пәсімделеді.
- Байқауға қатысушы ғылыми жобаны қорғау барысын бейнеролик арқылы жолдайды.

Бейнероликке қойылатын талаптар:

-бейнероликті кез келген бейнересурстарда өңделіп, анимациялық, сахналанған бейнежазаға түрінде жазу;

-бейнеролик форматы: MPEG4(интернетке ыңғайлы, сапасы жақсы, көлемі шағын) бейнероликтің бастапқы кадрында жұмыстың атауы мен автордың аты-жөні, ауданы, мектеп атауы көрсетілуі тиіс;

-бейнероликтің эстетикалық және техникалық деңгейінің сапалы болуы.

6.5. Қатысушы ғылыми жобаны қорғау барысын бейнероликке түсіріп, жұмысы (презентациясы мен ғылыми жоба мәтінін) аудандық білім бөліміне жеткізуі тиіс және сұранысын ағымдағы жылдың 13 қыркүйегі сағат 12-00-ге дейін abb.abdieva@mail.ru электронды поштасына жіберуі тиіс.

6.6. Байқау жұмыстары бірегей, ешкімнің көмегінсіз жазылған жеке-дара болуы керек. Өткен жылдардағы жұмыстар қабылданады. Байқаудың шарттарын бұзу фактілері мен платнат жағдайы анықталса, қатысушы жарыстан шығарылады.

VII. Байқаудың қорытындысын шығару және марапаттау

7.1. Байқаудың қорытындысын әділ-қазы алқалары шығарып, үзілік жұмыстарды анықтайды.

7.2. Байқау жеңімпаздары білім бөлімінің I,II,III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

**Аудандық «Табиғат лирикасы» тақырыбындағы
шығармашылық байқаудың**

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже отбасылық «Табиғат лирикасы» тақырыбындағы шығармашылық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін, қатысушыларға қойылатын талаптар және байқаудың өткізу тәртібін белгілейді.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы - «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Мақсаты

- оқушылардың табиғаттағы көркем құбылыстарды сезіну қабілеттерін арттыру;
- ақындық өнері мен шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.

2.2. Міндеттері:

- оқушылардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру;
- табиғатқа байланысты өзіндік шығармашылық өнерін дамыту;
- оқушыларды табиғатты қорғау қызметіне бейімдеу және туған өлке табиғатына оң экологиялық көзқарас қалыптастыру.

III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылды (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті).

Ұйымдастыру комитеті:

- байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;
- байқаудың өткізу күнін белгілейді;
- байқауға қатысу үшін өтінімдерді және материалдарды қабылдайды;
- қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;
- іс-шараның түрлерін анықтайды;
- байқау нәтижесін талдайды және қорытындылайды;
- байқаудың дайындығын, өткізу барысын және нәтижесін БАҚ-та жария етілуін қамтамасыз етеді.

IV. Байқаудың бағалау критерийлері

4.1. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:

- «Туған өлкем, табиғатың қандай көркем» бағыты
- суретте экологиялық тақырыптардың ашылуы;
- көркемдік шеберлігі және орындау деңгейі;
- көркемдік стильдің өзіндік ерекшелігі мен креативтілігі.
- жұмыстың белгіленген тақырыпқа сәйкестігі;
- «Жырлаймын сені, туған ел!» бағыты
- тақырыпты ашу деңгейі, баяндаудың логикаға сәйкестігі;
- сауаттылығы, үйлесімділігі, мазмұны, әдеби мәліметтерді пайдалануы;

-ақындық өнері мен шығармашылық ойлауын ерекше көрініспен әсерлі көрсете алуы.

V.Байқаудың қатысушылары

5.1. Байқау қатысушылары білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 2-7 сынып оқушылары болып табылады.

5.2. Байқау қазақ және орыс тілдерінде өтеді.

VI. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

6.1.Байқау екі кезең бойынша өткізіледі:

1) бірінші кезең-аудандық (қалалық) 2026 жылдың 5 қарашасында өткізіледі.

2) екінші кезең-облыстық 2026 жылдың 11 қарашасында өткізіледі. Облыстық кезеңге аудандық байқаудың жеңімпаздары (орыс/қазақ тілдерінде) қатысады.

VII.Байқауды өткізу шарттары мен талаптары

7.1. Байқау сырттай өткізіледі.

7.2. Байқау 2 бағыт бойынша өткізіледі:

- «Туған өлкем, табиғатың қандай көркем» бағыты-қатысушылар өз туған өлкесіндегі табиғаттың әсем көрінісін бейнелей отырып, сурет салады. Суреттер кез келген техникада орындалады (*акварель, гуашь, пастель, май, тушь және басқа материалдар*). Жұмыстың ең аз мөлшері 30х40 см-ден, ал ең максималды мөлшері жақтаулар мен безендірулерін есепке алмағанда 55х65 см-ден аспауы тиіс. Қатысушы сурет салу барысын бейнеролик арқылы ұсынып, салынған суреттерін орталыққа жеткізуі тиіс.

- «Жырлаймын сені, туған ел!» бағыты-байқауға қатысушы табиғаттың көркем құбылыстарын суреттеп, қоршаған ортаны сипаттау мақсатында шығармашылық қабілеттерін, ақындық тума талант пен табиғи дарынын қоса отырып, 3 шумақтан кем емес бір өлеңін бейнеролик арқылы ұсынады. Қатысушы өз шығармасын жатқа айтуы шарт.

Бейнероликке қойылатын талаптар:

-бейнероликті кез келген бейнередакторда өңделіп, анимациялық, сахналанған бейнежазба түрінде жазу;

-бейнеролик форматтары: MPEG4, AVI.

-бейнероликтің бастапқы кадрында жұмыстың атауы мен автордың аты-жөні, ауданы, мектеп атауы көрсетілуі тиіс;

-бейнероликтің эстетикалық және техникалық деңгейінің сапасы болуы.

7.3. Байқауға қатысушылар 2 бағыт бойынша (сурет салу және өлең оқу) жұмыс барысын бейнероликке түсіріп, дайындаған жұмыстары мен сұранысын 2026 жылдың 1 қарашасына дейін электронды форматта abb_abdieva@mail.ru электронды поштасына жіберуі тиіс. Жұмыстарды (қатысушылардың салған суреттерін) аудандық білім бөліміне жеткізуі тиіс. Мекен-жайы: Жібек жолы №176

7.4. Байқау жұмыстары бірегей, жеке-дара болуы керек. Байқаудың шарттарын бұзу фактілері мен антиплагиат жағдайы анықталса, қатысушы жарыстан шығарылады.

VIII.Байқаудың қорытындысын шығару және марапаттау

8.1. Байқаудың қорытындысын әділ-қазы алқалары шығарып, үздік жұмыстарды анықтайды.

8.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Аудандық «Eco-Science» атты ғылыми байқауының

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже отбасылық «Eco-Science» тақырыбындағы шығармашылық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін, қатысушыларға қойылатын талаптар және байқаудың өткізу тәртібін белгілейді.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы - «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Байқаудың мақсаты:

-оқушылардың ғылыми зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық проблемаларға көпшіліктің назарын аудару.

2.2. Байқау міндеттері:

- оқушылардың үздік зерттеу жетістіктері мен өнер табыстарын көрсету;
- оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық жұмыстарын ынталандыру;
- туған елдің табиғатына аса қызығушылық танытатын ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;
- еліміздің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылды (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті).

Ұйымдастыру комитеті:

- байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;
- байқаудың өткізу күнін белгілейді;
- байқауға қатысу үшін өтінімдерді және материалдарды қабылдайды;
- қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;
- іс-шараның түрлерін анықтайды;
- байқау нәтижесін талдайды және қорытындылайды;
- байқаудың дайындығын, өткізу барысын және нәтижесін БАҚ-та жария етілуін қамтамасыз етеді.

IV. Байқаудың бағалау критерийлері

4.1. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:

- тақырыптың өзектілігі;
- жобаның ғылыми жаңалығы;
- қойылған міндеттердің шешімінің болуы;
- материалдың толықтығы мен логикалық байланысы;
- алынған нәтижелердің теориялық және тәжірибелік маңызы;
- оқушының қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ойын жеткізуі.

V. Байқаудың қатысушылары

5.1. Байқауға білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 2-7,8-10 сынып оқушылары (әр мектептен барлық жас ерекшелік бойынша -1 оқушы), жеке немесе топпен (2) әр мектептен қатыса алады.

5.2. Байқау қазақ және орыс тілдерінде өтеді.

VI. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

6.1. Байқау екі кезең бойынша өткізіледі:

- 1) бірінші кезең-аудандық (қалалық) 2027 жылдың 10 қаңтарында өткізіледі.
- 2) екінші кезең-облыстық, 2027 жылдың 20 қаңтарында өткізіледі. Облыстық кезеңге аудандық байқаудың жеңімпаздары (орыс/қазақ тілдерінде) қатысады.

VII. Байқауды өткізу шарттары мен талаптары

7.1. Байқау онлайн форматта өткізіледі.

7.2. Байқауға қатысушы экологиялық проблемаларды айқындап, шешу жолдарын ұсынатын ғылыми жоба жазады.

7.3. Байқауға жұмыстар келесі бағыттар бойынша қабылданады:

-«Жасыл экономика» бағыты –ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, туризм, энергетика саласы бойынша экологиялық ахуалдарын жақсартуға бағытталған экономикалық-заңдық негіздемесі бар жобалар әзірлеу.

-«Қоршаған ортаны қорғау» бағыты-су қорларын басқару, таза ауа, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу жүйесін жетілдіру мақсатында зерттеу жұмысының дайын өнімін (тың идеяда жасалған макет, модель, бағдарлама, виртуалды жоба) ұсыну.

7.4. Байқау материалдары А4 (Times new roman, 14 қарпі, 1,0 жол аралығындағы интервал) форматында ғылыми жоба талаптарын ұстана отырып рәсімделеді.

7.5. Қатысушының ғылыми жобаны қорғау уақыты -5-7 минут.

7.6. Қатысушы ғылыми жобаны қорғау және макет жасау барысын бейнероликке түсіріп, дайындаған жұмыстары мен сұранысын 2027 жылдың 10 қаңтарына дейін электронды форматта abb_abdieva@mail.ru электронды поштасына жіберуі тиіс. Жұмыстарды (қатысушылардың салған суреттерін) аудандық білім бөліміне жеткізуі тиіс.

Бейнероликке қойылатын талаптар:

-бейнероликті кез келген бейнередакторда өңделіп, анимациялық, сахналанған бейнежазба түрінде жазу;

-бейнеролик форматтары: MPEG4, AVI.

-бейнероликтің бастапқы кадрында жұмыстың атауы мен автордың аты-жөні, ауданы, мектеп атауы көрсетілуі тиіс;

-бейнероликтің эстетикалық және техникалық деңгейінің сапасы болуы.

7.7. Байқаудың шарттарын бұзу фактілері мен антиплагиат жағдайы анықталса, қатысушы жарыстан шығарылады.

VIII. Байқаудың қорытындысын шығару және марапаттау

8.1. Байқаудың қорытындысын әділ-қазы алқалары шығарып, үздік жұмыстарды анықтайды.

8.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы Т.Рысқұлов
ауданының білім бөлімінің
басшысының м.а
А.Беделбаев 
20.08.2026 жыл

Аудандық «Eco-Volonter» атты ғылыми байқауының

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже отбасылық «Eco-Volonter» тақырыбындағы шығармашылық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін, қатысушыларға қойылатын талаптар және байқаудың өткізу тәртібін белгілейді.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы - «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Байқаудың мақсаты - азаматтық құндылықтарға сәйкес, рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру;

- оқушыларды патриотизм рухында тәрбиелеп, көшбасшылық қабілеттерін ашуға көмектесу;

- туған елдің табиғатына қызығушылық танытатын талантты оқушыларын анықтап, олардың шығармашылық қабілетін және қоғамдық белсенділігін дамыту.

2.2. Байқау міндеттері:

- оқушылар арасында экологиялық мәдениетін қалыптастыру;

- жастардың идеялары мен жобаларын ұсынуға мүмкіндік беретін әмбебап алаң құру;

- балалар мен жастарды бірігіп жұмыс жасауға үйрету.

III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылды (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті).

Ұйымдастыру комитеті:

- Байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;

- Байқаудың өткізу күнін белгілейді;

- Байқауға қатысу үшін өтінімдерді және материалдарды қабылдайды;

- Қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;

- Іс-шараның түрлерін анықтайды;

- Байқау нәтижесін талдайды және қорытындылайды;

- Байқаудың дайындығын, өткізу барысын және нәтижесін БАҚ-та жария етілуін қамтамасыз етеді.

IV. Байқаудың бағалау критерийлері

4.1. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:

- орындалған жұмыстың ауқымдылығы;

- байқауға қатысушы волонтерлардың имиджі (топтың атауы, девизи, киім үлгісі, эмблемасы);

- орындалған жұмыстың нәтижесі;

- бейнефильмнің сапасы;

- акпараттың толықтығы, мазмұндылығы, құндылығы;

-бейнематериалдың тәрбиелік рөлі;

-оқушының қоршаған ортаның қорғауға бағытталған ойы мен іс-әрекетін ұтымды жеткізуі.

V. Байқаудың қатысушылары

5.1. Байқау қатысушылары білім беру ұйымдарының 5-10 сынып оқушылары арасынан (5-10 оқушы) құрылған еріктілер тобы болып табылады.

5.2. Байқау қазақ және орыс тілдерінде өтеді.

VI. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

6.1. Байқау екі кезең бойынша өткізіледі:

1) бірінші кезең-аудандық (қалалық) 2027 жылдың 3 наурызында өткізіледі.

2) екінші кезең-облыстық, 2027 жылдың 11 наурызында өткізіледі. Облыстық кезеңге аудандық/қалалық байқаудың жеңімпаздары қатысады.

VII. Байқауды өткізу шарттары мен талаптары

7.1. Байқау онлайн форматта өткізіледі.

7.2. Байқау барысында волонтерлар қоршаған ортасын (тұрғылықты аймағы, ауылы, көшесі, мектебі) тазалау, көркейту, сақтау, қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастырып, жұмыс барысын бейне роликке түсіріп, орындаған жұмысты 5 минуттық бейнерепортаж форматында 2027 жылдың 1 наурызына дейін abb.abdieva@mail.ru электронды поштасына жіберуі тиіс.

Бейнероликке қойылатын талаптар:

-бейнероликті кез келген бейнередакторда өңделіп, анимациялық, сахналанған бейнежазба түрінде жазу;

-бейнеролик форматтары: MPEG4, AVI.

-бейнероликтің бастапқы кадрында жұмыстың атауы мен автордың аты-жөні, ауданы, мектеп атауы көрсетілуі тиіс;

-бейнероликтің эстетикалық және техникалық деңгейінің сапасы болуы.

7.3. Байқаудың шарттарын бұзу фактілері мен антиплагиат жағдайы анықталса, қатысушы жарыстан шығарылады.

VIII. Байқаудың қорытындысын шығару және марапаттау

8.1. Байқаудың қорытындысын әділ-қазы алқалары шығарып, үздік жұмыстарды анықтайды.

8.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Аудандық «Eco-Future» атты ғылыми байқауының

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже отбасылық «Eco-Future» экодизайнерлер байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін, қатысушыларға қойылатын талаптар және байқаудың өткізу тәртібін белгілейді.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы - «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Байқаудың мақсаты - оқушылардың қоршаған ортаны қорғауға, өз туған өлкесінің экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған дизайнерлік қабілетін, креативті ойлау әлеуеті мен қоғамдық белсенділігін дамыту.

2.2. Байқау міндеттері:

- оқушылардың экология саласындағы бастамалары мен тың идеяларын анықтау;
- қатысушылардың ұйымдастырушылық және дизайнерлік қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың қоршаған ортаның жай-күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесін қалыптастыру.

III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылды (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті).

Ұйымдастыру комитеті:

- Байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;
- Байқаудың өткізу күнін белгілейді;
- Байқауға қатысу үшін өтінімдерді және материалдарды қабылдайды;
- Қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;
- Іс-шараның түрлерін анықтайды;
- Байқау нәтижесін талдайды және қорытындылайды;
- Байқаудың дайындығын, өткізу барысын және нәтижесін БАҚ-та жария етілуін қамтамасыз етеді.

IV. Байқаудың бағалау критерийлері

4.1. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:

- макет үлгісінің тақырыпқа сай болуы;
- тақырыптың мазмұны экологиялық негізде толық ашылуы;
- макеттің экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталғандығы;
- ұсынылған жұмыс идеясының өзектілігі мен жаңалығы;
- жұмыстың нақты және маңызды нәтижелерінің болуы;
- жұмыс өнімінің мәдени-эстетикалық деңгейінің жоғары болуы.

V. Байқаудың қатысушылары

5.1. Байқауға қатысушылары білім беру ұйымдарының 5-8 сынып оқушылары қатыса алады.

5.2. Байқау қазақ және орыс тілдерінде өтеді.

VI. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

6.1. Байқау екі кезең бойынша өткізіледі:

- 1) бірінші кезең-аудандық (қалалық) 2027 жылдың 22 сәуірінде өткізіледі.
- 2) екінші кезең-облыстық, 2027 жылдың 5 мамырында өткізіледі. Облыстық кезеңге аудандық байқаудың жеңімпаздары (1,2,3 орын алған оқушы) қатысады.

VII. Байқауды өткізу шарттары мен талаптары

7.1. Байқау сырттай өткізіледі.

7.2. Байқау қоршаған ортаны сақтауға бағытталған экологиялық акциялар мен табиғатты қорғау іс-шараларды көрсететін экодизайнерлер байқауы болып табылады. Қатысушылар өз туған өлкесінің экологиялық ахуалын жақсартатын « Менің болашақ эко-қалам» тақырыбында өз қиялындағы экодизайнерлік макетін ұсынады (оқушының макет жасау барысын видеоға түсіру қажет).

7.3. –Бейнероликке қойылатын талаптар:

-бейнероликті кез келген бейнередакторда өңделіп, анимациялық, сахналанған бейнежазба түрінде жазу;

-бейнеролик форматтары: MPEG4, AVI.

-бейнероликтің бастапқы кадрында жұмыстың атауы мен автордың аты-жөні, ауданы, мектеп атауы көрсетілуі тиіс;

-бейнероликтің эстетикалық және техникалық деңгейінің сапалы болуы.

7.4. Байқауға қатысушылардың сұраныстарын 2027 жылдың 17 сәуіріне дейін электронды форматта abb_abdieva@mail.ru электронды поштасына жіберуі тиіс. Жұмыстарды (қатысушылардың салған суреттерін) аудандық білім бөліміне жеткізуі тиіс.

VIII. Байқаудың қорытындысын шығару және марапаттау

8.1. Байқаудың қорытындысын әділ-қазы алқалары шығарып, үздік жұмыстарды анықтайды.

8.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.